



БҰЙРЫҚ

15 ақпан 2017ж

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *2-1*

қорал Астана

Іссапарға жіберу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Республикалық ақпараттық топтар құрамында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру барысын ақпараттық сүйемелдеу үшін 2017 жылғы 16 ақпаннан бастап 17 ақпанды қоса алғанда Алматы қаласына және Маңғыстау облысына барамын.

2. Іссапар кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқаруды Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Алексей Владимирович Цойға жүктелсін.

3. Қаржы департаменті іссапар шығыстарын және Астана – Алматы – Ақтау–Астана бағыты бойынша әуе көлігі шығыстарын заңнамада белгіленген тәртіппен 001 «Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру» бюджеттік бағдарламасын қаржыландыру жоспары бойынша төлесін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы Е. Қошановтың 2017 жылғы 11 ақпандағы № 21-36/04-249 тапсырмасы.

Министр

Е. Біртанов



010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер Үйі, 5 - кіреберіс
тел: (7172)74 28 19, факс: (7172) 74 36 50

010000, город Астана, пр. Мәңгілік ел даңғылы,
Дом Министерств, 5 подъезд
тел: (7172)74 28 19, факс: (7172) 74 36 50

№ _____

№ исх: 23-1-10/15-Д от: 17.02.2017

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары
З.Ж.Аманжоловаға
Г.М.Иксановаға
И.И.Клименкоға

2017 жылғы 19 қаңтардағы №ДЗ-10 хатқа

Құрметті Зәуреш Жұманәліқызы!
Құрметті Гүлнар Мұстахымқызы!
Құрметті Иван Иванович!

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін (бұдан әрі – ТМККК) көрсету үшін дәріханада дайындалған дәрілік заттардың айналысы мәселелеріне қатысты мынаны хабарлайды.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес Қазақстандық ұлттық дәрілік формуляр – шекті бағалары көрсетіле отырып, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету үшін қалыптастырылған және денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік формулярларды әзірлеу мен бекіту үшін міндетті негіз болып табылатын, клиникалық тиімділігі мен қауіпсіздігі дәлелденген дәрілік заттардың тізбесі.

Экстемпоральді рецептура – нақты бір пациент үшін дәрігердің рецепті бойынша тікелей дәріханада дайындалатын дәрілік нысанды белгілеуге арналған фармацевтикалық практикада қабылданған термин.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 71-бабы 12-тармағының 1) тармақшасына сәйкес дәріханаларда дайындалған дәрілік препараттар мемлекеттік тіркелуге жатпайды.

Енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысы) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы №1729 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін

және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының 4-тарауының 20-тармағының 1) тармақшасының нормасы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ТМККК көрсетуге арналған сатып алынатын және босатылатын (фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде) дәрілік препараттарға тіркеудің болу талаптары қойылмайтынын регламенттейді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 шілдедегі № 639 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға бағаларды қалыптастыру қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) референтті (ішкі және сыртқы) баға қалыптастыруға, бағаны тіркеу процестерінде және фармацевтикалық өндірушілермен және олардың ресми өкілдерімен келіссөздерге негізделген ТМККК шеңберінде дәрілік заттарға баға қалыптастыру механизмі көрсетілген.

Баға қалыптастырудың осы механизмі ЕНГ және PPRI халықаралық ұйымдары консультанттарының ұсыныстары, сондай-ақ дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің ұлттық ерекшелігі ескеріле отырып әзірленген, бұл дәрілік заттарға бағалардың қолжетімділігін, шынайылығын және дәйектілігін арттыруға, фармацевтикалық нарықтағы бәсекелестік ортаны ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Қағиданың 25-тармағының нормасын ТМККК шеңберінде дәрілік заттардың барлық бағаларына дерекқор базасы қалыптастырылғаннан кейін алып тастау жоспарланып отыр.

**Министрдің
міндетін атқарушы**

А. Цой

*Орынд. Ордабекова Ж.К.
т. 74-32-83*